

4. Federal Minister Frank-Walter Steinmeier presents EU Central Asia Strategy: «New basis for partnership: EU and Central Asia», Online: < http://www.eu2007.de/en/News/Press_Releases/June/0627AAZAS.html> (27.06.2007).

5. The Regional Strategy Paper for Assistance to Central Asia (2007-2013). In: European Community. 2007. 61 p. Online. Available HTTP: <http://ec.europa.eu/external_relations/central_asia/rsp/07_13_en.pdf>(accessed 30 March, 2007).

6. Joint Progress Report by the Council and the European Commission to the European Council on the implementation of the EU Central Asia Strategy. Council of the EU, Brussels, 28 June 2010. 11402/10, COEST 194, NIS 77: http://eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/documents/eu_kazakhstan/joint_progress_report_eu_ca_strategy_en.pdf

7. Trade turnover between Kazakhstan and Russia amounted to \$ 15,8 billion, and Kazakhstan – China \$ 9 billion (2010) // Cooperation of Kazakhstan with the European Union. Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan: <http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/News/nws2010>

8. For comparison: in 1999, trade turnover amounted to only \$ 2.2 billion and 19.4 billion in 2007.

9. European Union, Trade with Kazakhstan // Delegation of the European Union to Kazakhstan. http://www.eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/eu_kazakhstan/trade_relation/index_ru.htm

10. Казахстан – ЕС: новая страница отношений (Казахстан и Европейский инвестиционный банк заключили рамочное соглашение о сотрудничестве) // Казахстанская правда. – 13 апреля 2010 г.: <http://www.rfca.gov.kz/8396>

Еуропалық Одақ және Орталық Азия арасындағы аймақтық жақындасу тәжірибесі назар аударуға сыни көзқарастарды талап етеді, бұл әсіресе стратегиялық серіктестікті дамыту барысында айқын көрініс табады. ЕО мен ҚР серіктестігінің болашағы негізгі тенденцияларды сараптау негізінде, ең алдымен, сауда-экономикалық саласында қарастырылады.

Interregional convergence experience of the European Union and Central Asia deserves attention and critical approaches, particularly in the development of strategic partnership. Prospects for partnership between the EU – RC discussed by analyzing key trends, especially in the trade and economic sphere.

Д. Доллин

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҚЫҰ-ДАҒЫ ТӨРАҒАЛЫҒЫ КЕЗІНДЕГІ АДАМИ ӨЛШЕМ БОЙЫНША АТҚАРҒАН ІС-ШАРАЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (әрі қарай ЕҚЫҰ) төрағалық ету құқығын 2007 жылы қазан айында Мадрид қаласында ЕҚЫҰ сыртқы істер министрлер кеңесінде бір ауыздан – консенсус негізінде иеленді. Бұл жағдай мемлекет ішінде ел басшысы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және мемлекеттің халықаралық сахнадағы көптеген іс-әрекеттерінің еңбегі арқылы келді деп қабылданды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-дағы төрағалық ету бағдарламасын 2010 жылдың басында онлайн тарату арқылы ұсынған болатын. ҚР өзінің ЕҚЫҰ-дағы алғашқы посткеңестік төраға мемлекет мәртебесін пайдаланып, ұйымды дағдарыстық жағдайдан шығаруға ниет еткен. Сонымен қатар президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан ұйымға қалыптасқан дәстүрлердің жалғастырушысы ретінде келіп отырғанын» жария еткен болатын [1].

ЕҚЫҰ адами өлшем себеті – адам құқықтары, заң үстемдігі және қауіпсіздік пен экономикалық ынтымақтастықты біріктіретін демократияны дамыту үшін бірден-бір механизм. ЕҚЫҰ мүше-

мемлекеттері адам құқықтары мен фундаменталды бостандықтарды толықтай ұстанатынына ресми куәландырған болатын. Олар заң үстемдігін ұстануға, демократиялық институттар мен үдерістерді (еркін және әділ сайлауларды қоса) күшейту арқылы демократия қағидаларын дамытуға, сонымен қатар ЕҚЫҰ аймағында әлеуметтік және этникалық шыдамдылық көрсетуге міндетті.

Өз төрағалығының басында, Қазақстан үкіметі ЕҚЫҰ өлшемдерін теңестіріп, олар бойынша бірдей белсенді жұмыс жүргізетінін айтты. Бағдарламада адами өлшем төрағалықтың күн тәртібіндегі негізгі жұмыс істеу бағыты екенін көрсете отырып, Қазақстан өзі және өзге де ЕҚЫҰ мемлекеттеріне келесідей мақсаттарды қойды:

Демократиялық институттар мен адам құқықтары бюросы (ДИАҚБ), Ұлттық азшылықтар бойынша жоғарғы комиссар және БАҚ еркіндігі бойынша Өкіл жұмыстарына қолдау көрсету.

Адам құқықтары мен фундаменталды бостандықтарға негізделіп, шыдамдылық пен мәдениетаралық диалогты дамыту.

Ұлттық азшылықтарды білім беру арқылы қоғамның бір бөлігі ету.

Жұмысшы мигранттардың құқықтарын экономикалық дағдарыстың салдарынан қорғау.

Адам, соның ішінде балаларды сатуға қарсы тұру.

Гендерлік теңдікті дамытып, әйел адамдарға қоғамдық және саяси өмірде тең құқықтар мен мүмкіншіліктер беру.

Заң үстемдігі, сот жүйелерінің тәуелсіздігін ұлғайту, расалық, діни және т.б. негіздегі қылмыс жасалулардың алдын алу, қозғалыс еркіндігі, виза режимдерінің жеңілдетілуі, Рома және Синтидағы жағдайды жақсарту.

Сайлауларды бақылаудағы алдыңғы тәжірибеліктің тәжірибесін жалғастыру [2].

Қазақстанның бұл бағытта жұмыс істеуіне екі нәрсе кедергі келтіру мүмкін еді: бірінші, ол – ЕҚЫҰ мүшелерінің арасындағы сайлауды бақылау және далалық миссияларды қолдау турасындағы айырмашылықтар; екінші, Қазақстанның өзінің демократиялық реформаларды атқаруда сынға ұшырауы. Әрине, Қазақстан әлі де ішкі саяси реформаларды дамытуда және БАҚ еркіндігін қамтамасыз етуде прогресс жасау керек.

Ішкі саяси либерализацияны жүргізудегі кемшіліктің бірі Ақпарат және Коммуникация жүйелері жөніндегі Заңға қарама-қайшы енгізулердің қабылданғаны болып табылады. Бұл енгізулер бойынша, барлық онлайн ресурстар, чат, блог, форумдар БАҚ-ты бақылайтын ережеге бағынады. Бұл өзгерістер үкімет адамдарына онлайн ресурстардың иелерін соттап, вебсайттарды (шетелде орналасқандарды да) жабуға мүмкіндік береді. Халықаралық БАҚ еркіндігін жақтайтын топтар Қазақстанды бұл заңнама үшін қатаң сынға алды [3].

Келесі үлкен дау тудырған – «Ұлт жетекшісі» заң жобасы. Ол бойынша Нұрсұлтан Назарбаев және оның жанұясы барлық заңмен қудаланудан сақталады. Бұл заң жобасына Президент халық алдында қарсылық білдірсе де, парламент оны қабылдады. Алайда соңғы сөзді елбасшысы айтатын болғандықтан, Президент бұл заң жобасы және оны 2020 жылға дейін басқару мәселесі бойынша референдумнан бас тартып, кезектен тыс президент сайлауларын жариялаған болатын. Бұл шешім халықаралық қауымдастықта жақсы бағаларға ие болды.

Қазақстан үкіметі өзінің адам құқықтары бойынша шараларын сәтті іске асырған болатын. Соның ішінде 2010 жылы қыркүйек-қазан айларында Варшавада өткен ЕҚЫҰ Адам өлшемін қарастыру бойынша конференцияға Қазақстан

үкімет және үкіметтік емес өкілдер бар делегацияны алып келген бұл конференция 2010 жылы ЕҚЫҰ адами өлшем бойынша ұйымдастырылған ең ірі іс-шара болды. Қазақстанның адами өлшем бойынша комиссары, елші Мадина Жарбосынованың айтуы бойынша, мемлекет 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бері бұл бағытта бірнеше батыл қадамдар жасаған болатын:

... Он жыл бұрын халықтың 50 пайызы кедейшілік сызығынан төмен тұрса, қазір олардың саны 12 пайызға жетті. Қазақстан әлеуметтік қауіпсіздікке, әсіресе экономикалық дағдарыстың соңғы екі жылда ерекше көңіл бөлуде. Үкімет өз азаматтарын жұмыспен қамту мақсатында бірнеше жаңа инфрақұрылымдық жобаларды іске қосты.

– Қазақстан үкіметі өзінің сот және жазалау жүйелерін гуманизациялап жатқанын ерекше жеткізді, олардың ішінде: алқалық соттың таныстырылуы, өлім жазасының алынып тасталуы (лаңкестік пен соғыс уақытындағы қылмысты қоспағанда). Мемлекет әкімшілігі дұрыстау жүйелеріне 2006 және 2009 жылдар аралығында 70 млн долларға жуық қаражат жұмсады.

– Президенттің қаулысы бойынша, 2020 жылға дейін заң және құқық қорғаушы органдардың реформасы жүргізіліп, аяқталу керек. Бұл реформалардың басты мақсаты қарапайым азаматтардың полиция немесе сот жүйелерінен жапа шегуінен қорғау.

– Қазақстан гендерлік теңдікке ерекше көңіл бөледі. 2006 жылғы Жалпы Теңдік стратегиясының басты мақсаты – атқарушы органдар мен Парламенттегі шешім шығарушы орындарындағы әйелдердің үлесін кемінде 30 пайызға жеткізу.

– Тең мүмкіншілік және антидоместик зорлық заңнамасы 2009 жылы қабылданды.

– 2007 жылғы Конституцияға енгізілген өзгерістер бойынша Мәжілістегі кемінде тоғыз орын этникалық азшылықтарға берілу керек.

– 2009 жылы күзде Қазақстан ірі жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске қосты [4].

Қанат Саудабаев БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің алдында ұсынған тәуелсіз бағдарламасында Қазақстан Республикасының дін және этникааралық қатынастарды реттеуде үлкен тәжірибе жинақтағанын айта келе, тәуелсіз уақытында ЕҚЫҰ аймағында осы мәселе бойынша тәжірибемен бөлісетінін жеткізген болатын. Дінаралық, этникааралық және мәдени төзімділік проблематикасы ЕҚЫҰ-ның гуманитарлық өлшем бойынша қызметінде айтарлықтай орын алды. ҚР Президенті Н. Назарбаев қазіргі әлемдік дамудағы бұл фактордың рөлін түсіндіре оты-

ра, «Бұл тақырыпқа байланысты жүріп жатқан талқылаулардың шиеленісуін түсінуге болады, себебі соңғы уақытта орын алған жағдайлар этникалық және конфессиялық дәстүрлер шеңберіндегі мәдениеттер диалогын қолдау негізінде қауіпсіздіктің жаңа парадигмасын жасап шығару керектігі айдан анық. Біз қазіргі әлемде жаһандану және жаңа қауіп-қатерлердің пайда болу уақыты аясында төзімділіктің рөлі өскендігін мойындау керекпіз. Сондықтан діндердің келісімі, этникалық топтардың бейбіт өмір сүруін қамтамасыз ету ұзақ уақыттық қауіпсіздіктің маңызды доминанты болып табылады», – деді [5].

ҚР-дың әлемдегі мәдениетаралық, этникааралық, дінаралық ынтымақтастық жолындағы үлесін күшейту бойынша басқа да сыртқы саяси әрекеттеріне Қазақстанның Түркия мен Испания үкіметтері бастаған өркениеттер Альянсының «Достар тобының» қызметіне қатысуы және де Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша Бас Ассамблеяның 2010 жылды мәдениеттер жақындасуының Халықаралық жылы ретінде белгілеуін қосуға болады.

Жалпы, Қазақстанның ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету бойынша қызметі оның гуманитарлық өлшемдегі басты жетістіктерінің бірі болып саналады. Қазақстан бұл тақырып шеңберінде 2010 жылы маусым айында Астанада Төзімділік және Кемсітпеу бойынша жоғары деңгейдегі конференция өткізуді жөн көрді. Оның міндеті ЕҚЫҰ аймағындағы кемсітпеу бойынша оң тәжірибелермен бөлісу болды. Екі күндік конференцияның басты мақсаты төзімділік, кемсітпеу және мәдениетаралық диалог бойынша ЕҚЫҰ міндеттемелерінің орындалуын алға тарту болды. Қазақстан президенті Н. Назарбаев Орталық Азия аймағының этникалық құрылымының әртүрлілігін көрсете тұра, ЕҚЫҰ территориясында шыдамдылық пен сенім болмай, Қырғызстандағы жағдайға түсу мүмкіндігін ерекше атады [6]. Назарбаевтың ЕҚЫҰ Төзімділік және Кемсітпеу орталығын құру идеясын ДИАҚБ директоры Янез Ленарчич қолдады. Ленарчич қоғамаралық түсіністікке жетуде адам құқықтарының маңыздылығын ерекше атады. Конференцияның қорытынды хабарламасында ЕҚЫҰ «христиандар, мұсылмандар және басқа да діндер, Рома және Синти, өзге де этникалық және расалық топтарға қатысты расизм, ксенофобия, антисемитизм, дискриминация және шыдамсыздық жағдайларын алдын алуға бағытталған тиімді саяси қадамдар жасауға» шақырды [7].

Гуманитарлық бағыттағы әрекеттер толыққанды болу үшін Қазақстан төраға ретінде Демок-

ратиялық институттар және адам құқықтары бюросымен тығыз қарым-қатынаста болды. ҚР және ДИАҚБ арасындағы 1998 жылы желтоқсан айында өзара түсіністік туралы Меморандумға, 2003 жылы ақпан айында бұл Меморандумға қатысты Хаттамаға қол қойылған соң, екі жақ арасындағы демократизация, адам құқықтары және сайлаулар бойынша жобаларды дамыту және іске асыру жұмыстары басталды.

Сайлауларды бақылау механизмдері бойынша арнайы өкіл Киммо Кильюнен және сайлауларды бақылау бойынша арнайы елші Хесус Лопес-Медельге қоса, Қазақстан төрағалығы Марат Сарсембаевты сайлауға қатысты мәселелер бойынша іс жүзіндегі төрағаның жеке өкілі ретінде тағайындады. Қазақстан тікелей бақылаушы болған сайлауларды айта кететін болсақ:

Украинадағы сайлау

2010 жылы 17 қаңтарда өтетін президенттік сайлауларға Украина сыртқы істер министрінен алған шақырудан кейін, ДИАҚБ 2009 жылы 24 қарашада Сайлауды Бақылау Миссиясын (СБМ) құрды. Миссия мақсаты бойынша, сайлаулар транспаренттік, сыйластық және теңдікке негізделген ЕҚЫҰ міндеттемелері және халықаралық стандарттарға сәйкес келу керек. Өздерінің қорытынды баяндамасында, бақылаушылар азаматтық және саяси құқықтардың сақталғанымен, сайлау процесіндегі алдаушылық орын алды деді. Сайлаушыларға әртүрлі саяси ұстанымды иеленген және сайлау кампаниясын еркін атқарған кандидаттар ұсынылды. Миссияның бақылауы бойынша, БАҚ барлық кандидаттар туралы әртүрлі ақпараттар жеткізді, бірақ электрондық БАҚ көбінесе қаржыны көбірек шығындаған кандидаттар туралы жаңалықтар жеткізді [8].

Сайлаудың нәтижесі бойынша Виктор Янукович екінші раундта аз ғана дауыс санымен (48,95 пайыз) Юлия Тимошенкодан (45,47 пайыз) асып жеңді. Сайлаудан кейінгі кезеңде Тимошенко кампаниясы Янукович көп дауыс жинаған орындарға жүздеген арыздармен толтырды. Алайда Орталық Сайлау Комитеті барлық арыздарды техникалық негізде және дәлелдердің жетіспеушілігінен қайтарып тастады. Бақылаушылардың жалпы қорытындысы бойынша, «бұл бақыланған мәселелердің түбінде кандидаттар арасындағы өзара сенім және заңды платформаның болмауы жатты».

Тәжікстандағы сайлау

2010 жылы наурызда өткізілген Парламент сайлауы оң прогресті көрсеткенмен, бірнеше негізгі ЕҚЫҰ міндеттемелерін орындай алмады. Мәселен, сайлау күні отбасы немесе біреудің

атынан дауыс беру және де дауыс беру жәшігінің толып қалуы көптеп кездесті. Өзінің баяндамасында, ЕҚЫҰ транспаренттік және сайлау қызметкерлерінің жауапкершілігінің аздығына көңіл бөлді. Бірақ бұл сайлау бұрынғы өткендерге қарағанда жақсырақ болғаны анық болды. Эмомали Рахмонның басқарушы Халықтық Демократиялық Партиясы 71,7 пайызбен жеңіске жетті.

Қырғызстан референдумы

Көптеген халықаралық бақылаушылар Қырғызстан азаматтары жаңа Конституцияға дауыс берген бұл референдумды өте транспарентті деп тапты. Уақытша үкімет жаңа сайлауларды 2010 жылы сәуірде Президент Құрманбек Бәкиев құлатылғаннан кейін жариялаған болатын. Референдум елдің оңтүстігіндегі екі апта бұрын орын алған оқиғалардан кейін өткізілді. Бірнеше халықаралық ұйымдар, соның ішінде ТМД Парламентаралық Ассамблеясы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Ұлттық Демократиялық Институт, сонымен қатар Қазақстан және Ресей орталық сайлау комиссиялары өзінің өкілдерін жіберіп, референдумды өте бейбіт түрде өткенін жеткізді. Алайда ЕҚЫҰ өзінің 300-ге жуық қызметкерлерін Ош және Джалалабад аудандарынан қауіпсіздікке байланысты қайтарып алды. Референдум нәтижесі бойынша 90 пайызға жуық сайлаушылар жаңа Конституцияны қолдап, жалпы сайлаушылардың 70 пайызы ғана дауыс беруге келген.

Қырғызстандағы сайлау

2010 жылы 10 қазанда болған сайлау ЕҚЫҰ мүшелеріне ерекше қызығушылық тудырды. ДИАҚБ сайлау алдында ұзақ және қысқа мерзімді бақылаушылар тобын жіберді. Халықаралық бақылаушылардың алдын ала хабарламасында айтуы бойынша, саяси плюрализм мен шын кампаниялар сипатталған парламенттік сайлаулар демократиялық процестердің әрі қарай жинақталуына әсер етіп, мемлекетті сайлаулар турасындағы халықаралық міндеттемелерді орындауға итермелейді. ДИАҚБ айтуы бойынша, сайлау кампаниясы өте бәсекелі және маусым айында орын алған оқиғаларға қарамастан еркін атмосферада өтті [9].

Сайлау нәтижесі бойынша, бірде-бір партия толық дауысқа жеткен жоқ. Одан бөлек, қанды оңтүстіктен шыққан ұлттық партия парламенттегі ең көп орындарды иеленді. Қырғызстан Орталық Азиядағы алғашқы парламенттік республикаға айналды.

Қазақстан Республикасының төрағалығы Ұйым тарихындағы айтулы күндермен тап келді, мәселен, Хельсинки қорытынды Актісіне

– 35 жыл, Париж Хартиясына – 20 жыл. Солардың ішінде адам құқықтары бағытында үлкен қадам жасаған – Копенгаген құжатының қабылданғанына да 20 жыл толған болатын. 2010 жылы 10–11 маусым күндері Қазақстан төрағалығы, Дания сыртқы істер министрлігі және ДИАҚБ-ның бірігіп ұйымдастыруымен, Копенгаген құжатының 20 жылдығына байланысты екі күндік конференция өткізіп, оған ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер, азаматтық қоғам және сарапшы топтардың 260-тан астам өкілдері қатысты. Конференцияның бес жұмыс сессиясында – сайлау және адам құқықтары; заң үстемдігі; ұлттық азшылықтар; қозғалыс еркіндігі; іске асыру – қатысушылар Копенгагенде қабылданған міндеттемелердің сәйкестігін тексеріп, олардың әрі қарай тиімді орындалу жолдарын қарастырды.

Конференцияны ЕҚЫҰ іс жүзіндегі төрағасы Қанат Саудабаев және Дания сыртқы істер министрі Лене Эсперсен ашты. Саудабаевтың айтуы бойынша, 20 жыл бұрын орын алған жетістікке қарамастан, прогресс өзінен-өзі жүре бермейтінін және Еуропа ЕҚЫҰ-ның қарауынсыз тыныш және дамушы болып қала бермейтінін жеткізді. Ол 20 жыл бұрын келісілген міндеттемелерді орындау жолдарын іздеу керек деді. Саудабаев, сонымен қатар Қазақстан төрағалығы Копенгаген құжатының келешекте орындалуына ерекше назар қойып отырғанын айтты [10]. Ал Дания сыртқы істер министрі Эсперсеннің айтуы бойынша, Копенгаген құжатындағы жеткен міндеттемелер арқасында соңғы екі онжылдықта ЕҚЫҰ бірнеше айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Сонымен, Қазақстан ЕҚЫҰ-дағы нағыз амбицияға толы төрағалық бағдарламасын ұсынған болатын. Қазақстанның гуманитарлық өлшем бойынша жоғарыда аталған шараларды өткізуі оның Ұйымға жаңа серпін беретіні анық. Әрине, бір жылдың ішінде барлық мақсаттарға қол жеткізу оңай емес, сонда да Қазақстан алдағы уақытта, ЕҚЫҰ Үштігінің құрамында бұл бағытта оң өзгерістер жасауға ұмтылмақ.

1. Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев: Судьба и перспективы ОБСЕ. Казахстан приступает к фазе председательства в этой международной организации // <http://www.kazpravda.kz/c/1264729917>

2. Программа председательства Республики Казахстан в ОБСЕ в 2010 году// <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1266253200>

3. Kazakhstan's OSCE Chairmanship 2010 . Interim report. A report of the US-Kazakhstan OSCE Task force. Editor Janusz Bugajski. http://csis.org/files/publication/101028_KazakhstanOSCEChairInterim_WEB.pdf

4. <http://www.bnews.kz/kk/news/post/19668/>

5. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на дебатах 62-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН // <http://uchet.kz/news/detail.php?EID=10896&icon=Y>

6. Глава государства принял участие в открытии Конференции ОБСЕ высокого уровня по толерантности и недискриминации в Астане // http://spy.kz/Vlast_i_Politic/Glavagodarstva-prinjal-uchastie-v-otkrytii-Konferencii-OBSE-vysokogo-urovnja-po-tolerantnosti-i-nediskriminacii-v-Astane/

7. Astana High-level Conference calls for implementation of commitments on tolerance and non-discrimination, increased cooperation with civil society // <http://www.osce.org/item/45105.html>

8. www.osce.org/odihr/elections/ukraine/40544

9. Kyrgyzstan: Final Report on Parliamentary Elections, OSCE/ODIHR (2010) // <http://aceproject.org/ero-en/regions/asia/KG/kyrgyzstan-final-report-on-parliamentary-elections>

10. Differences in advancing to democracy should not

overshadow progress in human rights promotion, says OSCE Chairperson // <http://www.osce.org/item/44445.html>

Республика Казахстан была избрана быть председателем в ОБСЕ в 2010 г. и стала первой постсоветской страной, которая когда-либо председательствовала в этой Организации. В этой статье анализируются все действия и мероприятия, проведенные по человеческому измерению Республикой Казахстан на посту председателя ОБСЕ.

Kazakhstan has been elected to be a chairman in the OSCE in 2010. Thus it became the first postsoviet country to govern this Organisation. This article analyzes all of the human dimension activities held by the Republic of Kazakhstan during its chairmanship in the OSCE.

А. К. Хасенова

СТРАТЕГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ПРИГРАНИЧНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА КАЗАХСТАНА И КНР

Международная экономическая интеграция является неотъемлемой составной частью происходящего в настоящее время процесса глобализации, который можно определить как процесс стремительного взаимного проникновения и усиления взаимозависимости национальных государств в экономической, социальной, политической, идеологической и культурной областях. Экономическая интеграция является важной составной частью процесса глобализации, при которой создаются дополнительные предпосылки прозрачности государственных границ, развития приграничных и в дальнейшем трансграничных форм сотрудничества.

Соответственно, закономерным является углубление и развитие внешнеэкономических связей на региональном уровне как следствие повышения роли регионов в международной торгово-экономической деятельности и усиления экономической самостоятельности приграничных регионов.

Касательно Республики Казахстан, в настоящее время приграничное сотрудничество регионов Республики стало важным, иногда даже доминирующим условием их динамичного социально-экономического развития и фактором, обеспечивающим развитие торгово-экономических отношений в рамках создания и развития предпосылок к свободному перемещению товаров, услуг, капиталов, технологий, рабочей силы, создания совместных предприятий, в большей степени ори-

ентированных на инновационную составляющую сотрудничества.

Развитие приграничного взаимодействия регионов вызвано желанием развивать новые, более гибкие и эффективные формы коллективных действий, к числу которых можно отнести и приграничное сотрудничество. Так, активными участниками торгово-экономического взаимодействия на региональном уровне в последние годы стали приграничные районы Восточно-Казахстанской области и Северо-Запада Китая (СУАР КНР).

Указанные приграничные территории Казахстана и Китая неуклонно выстраивают инфраструктуру равноправных и взаимовыгодных политических, экономических и культурных связей. Обмен товарами и услугами в приграничных областях предполагает установление особо доверительного климата и административно-правового режима, гибких механизмов межгосударственного и межрегионального взаимодействия.

Стратегические направления сотрудничества приграничных регионов – ВКО и СУАР КНР следует классифицировать следующим образом: развитие торгово-экономических контактов в рамках создания специальных экономических зон, совместных предприятий, углубление научно-технического, инновационного сотрудничества, создание зон высоких технологий, развитие транспортно-коммуникационной сферы сотрудничества. При этом приграничные районы явля-